

4 Dori Y., Ngai C., Szeinberg G. Digital Learning and Teaching in Chemistry. *Adv. In Chemistry Educ. Res.*, 2023, 436 p. <https://doi.org/10.1039/9781839167942>.

5 Odintsov M.V. Ispolzovanie e'lektronny'h obrazovatelny'h resursov v uchebnom processe [The use of electronic educational resources in the educational process]. *Nauka i obrazovanie*, 2018, no. 3, pp. 99-103. (In Russian)

6 Potapova A.A. Ispolzovanie e'lektronny'h obrazovatelny'h resursov v obuchenii himii [The use of electronic educational resources in teaching chemistry]. *Himicheskoe i biologicheskoe obrazovanie*, 2017, vol. 25, no. 1, pp. 56-64. (In Russian)

7 Korkut E.H., Surer E. Visualization in virtual reality: a systematic review. *Virtual Reality*, 2023, vol. 27, pp. 1447-1480. <https://doi.org/10.1007/s10055-023-00753-8>.

8 Edwards B.I., Bielawski K.S., Prada R. et al. Haptic virtual reality and immersive learning for enhanced organic chemistry instruction. *Virtual Reality*, 2019, vol. 23, pp. 363-373. <https://doi.org/10.1007/s10055-018-0345-4>.

9 Nsbayezu E., Iyamureye A., Urengjeho V. et al. Computer-based learning to enhance chemistry instruction in the inclusive classroom: Teachers' and students' perceptions. *EducInf Technol.*, 2022, vol. 27, pp. 11267-11284. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11082-9>.

#### Авторлар туралы мәліметтер:

Шертаева Нәйля Тұрдығалиевна\* – химия ғылымдарының кандидаты, химия кафедрасының доценті, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160019, Шымкент қ., Айбергенов к., 5В, тел.: +7-771-286-36-17, e-mail: Nailaximik@mail.ru.

Әмірбекова Эльмира Мамыровна – PhD докторанты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160015, Шымкент қ., Жайлау ш.а., Есіркеп батыр к., 10, тел.: +7-775-345-93-27, e-mail: amirbekova.elmira84@mail.ru.

Шағраева Бибиғуль Бекеновна – химия ғылымдарының кандидаты, химия кафедрасының меңгерушісі, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан республикасы, 160024, Шымкент қ., Самал ш.а., Н.Таманов к., 908, тел.: +7-701-463-29-64, e-mail: Bibi-0305@mail.ru.

Битұрсын Сәуле Серіковна – PhD докторы, химия кафедрасының аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000, Шымкент қ., Нұрсат-1, 130, тел.: +7-776-021-09-80, e-mail: sbitursyn@mail.ru.

Шертаева Нәйля Турдығалиевна\* – кандидат химических наук, доцент кафедры химии, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160019, г. Шымкент, ул. Айбергенова, 5В, тел.: +7-771-286-36-17, e-mail: Nailaximik@mail.ru.

Амирбекова Эльмира Мамыровна – PhD докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160015, г. Шымкент, ул. Есіркеп батыр, 10, тел.: +7-775-345-93-27, e-mail: amirbekova.elmira84@mail.ru.

Шағраева Бибиғуль Бекеновна – кандидат химических наук, заведующий кафедрой химии, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160024, г. Шымкент, ул. Н.Таманов, 908, тел.: +7-701-463-29-64, e-mail: Bibi-0305@mail.ru.

Битұрсын Сауле Серіковна – PhD, старший преподаватель кафедры химии, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160000, г. Шымкент, мкр. Нұрсат-1, 130, тел.: +7-776-021-09-80, e-mail: sbitursyn@mail.ru.

Shertayeva Nailya Turdygaliyevna\* – Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor of the Department of chemistry, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160019, Shymkent, 5V Aibergenov Ave., tel.: +7-771-286-36-17, e-mail: Nailaximik@mail.ru.

Amirbekova Elmira Mamyrovna – PhD student, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160015, Shymkent, Zhailau micro district, 10 Yessirkep Batyr Str., tel.: +7-775-345-93-27, e-mail: amirbekova.elmira84@mail.ru.

Shagrayeva Bibigul Bikenovna – Candidate of Chemical Sciences, Head of the Department of chemistry, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160024, Shymkent, 908 N.Tumanov Str., tel.: +7-701-463-29-64, e-mail: Bibi-0305@mail.ru.

Bitursyn Saule Serikovna – PhD, Senior Lecturer of the Department of chemistry, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160000, Shymkent, 130 Nursat-1 micro district, tel.: +7-776-021-09-80, e-mail: sbitursyn@mail.ru.

XҒТАР: 15.81.99

ӨОЖ 376.112.4

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2024\\_4\\_308](https://doi.org/10.52269/22266070_2024_4_308)

#### ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУДА АТА-АНАЛАР РӨЛІ

Шотыбаева Л.А.\* – педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Абаева Ф.Ә. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Педагогика және психология институтының директоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада білім беру процесінің үшінші жағы ата-ана тарапынан ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау бойынша ұсыныстары мен пікірлері қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың саны жыл сайын артуына байланысты, оларды бағалау мен мүмкіндігіне орай білім беру мақсатын жүзеге асыру үлкен мәселе болып отыр. Сондықтан біз мақаланың басты мақсаты ретінде ЕБҚ бағалау бойынша ата-аналар қаншалықты хабардар екендігін анықтау және бағалау нәтижелерінің білім беру жүйесіне ықпалын анықтауды алдық. Ата-аналардың ЕБҚ баланы оқытуда белсенді мүшесі болуы үшін олар балалар жайлы қандай ақпарат білуі керек, ЕБҚ баланы оқыту сапасын көтеру үшін қандай ұсыныстар ұсына алады, олар білім беру процессінде және бағалауда қандай мәселелермен кездесіп жатқандығы туралы интервью алынды. Осы мәселе бойынша біршама шет елдік ғылыми зерттеу жұмыстары қарастырылып, анализ жасалынды. Тақырыпты ашу мақсатында Қазақстандағы ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін мамандардан қосымша интервью алынды. Бұл зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде бағалау бойынша шет елдік тәжірибені негіздей отырып және ата-аналардың пікірін ескере отырып, ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстар инклюзивті білім беру жүйесінде ЕБҚ бағалау мен ЕБҚ оқыту бойынша білім сапасын көтеру үшін қолдануға болады.

**Түйінді сөздер:** ЕБҚ бағалау, инклюзивті білім беру, бағалау аймақтары, баланың даму динамикасы, жеке оқыту бағдарламасы.

## РОЛЬ РОДИТЕЛЕЙ В ОЦЕНКЕ ОСОБЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПОТРЕБНОСТЕЙ

Шотыбаева Л.А.\* – магистр педагогических наук, PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Абаева Г.А. – кандидат педагогических наук, доцент, директор Института Педагогика и психология, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

В данной статье рассмотрены мнения по оценке особых образовательных потребностей со стороны родителей, как третьих участников образовательного процесса и их предложения по повышению качества оценки ООП. В связи с ежегодным увеличением количества детей с особыми образовательными потребностями, с ограниченными возможностями, оценка ООП и возможность реализации образовательной цели становится большой проблемой. Поэтому в качестве главной цели статьи авторы взяли определение степени информированности родителей по оценке ООП и определение влияния результатов оценки на систему образования. Чтобы родители стали активными членами в обучении ребенка с ООП, авторы статьи ставят вопрос о том, какую информацию им нужно знать о ребенке, какие рекомендации могут родители предложить для повышения качества обучения ребенка с ООП, с какими проблемами они сталкиваются в образовательном процессе и в оценке ООП. По данному вопросу были рассмотрены и проанализированы некоторые зарубежные научные исследования. С целью раскрытия темы было проведено дополнительное интервью со специалистами для определения особенностей оценки ребенка с особыми образовательными потребностями в Казахстане. В результате данной исследовательской работы были даны рекомендации по оценке с обоснованием зарубежного опыта и с учетом мнения родителей. Данные рекомендации могут быть применены к повышению качества образования и в оценке ООП в системе инклюзивного образования.

**Ключевые слова:** оценка ООП, инклюзивное образование, оценочные зоны, динамика развития ребенка, индивидуальная программа обучения.

## THE ROLE OF PARENTS IN ASSESSING SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Shotybayeva L.A.\* – Master of Pedagogical Sciences, PhD Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Abayeva G.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Director of the Institute of Pedagogy and Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

This article examines parents' perspectives on assessing special educational needs (SENs) as third-party participants in the educational process, along with their suggestions for improving the quality of such assessments. Due to the annual increase in the number of children with SENs and disabilities, assessment of SENs and the feasibility of achieving educational goals have become significant challenges. Therefore, the primary goal of the article is to determine the level of parents' awareness regarding the assessment of SENs and to evaluate the impact of assessment results on the education system. To encourage parents to become active participants in the education of a child with SEN, the authors of the article raise questions about the information parents need to know about their child, the recommendations they can offer to improve the quality of the child's education, and the challenges they face in the educational process and in assessing SENs. Some relative foreign scientific studies have been reviewed and analyzed. In order to develop the topic, additional interviews with specialists were conducted to determine the specifics of assessing a child with SENs in Kazakhstan. As a result of this research, recommendations for assessment were provided, including insights from international practices and considering the opinions of parents. These recommendations can be applied to improve the quality of education and the assessment of SENs within the inclusive education system.

**Key words:** assessment of SENs, inclusive education, assessment zones, dynamics of child development, individual training program.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда инклюзивті білім беру барысында Қазақстанда ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау бойынша медициналық-клиникалық формада әлеуметтік-педагогикалық түріне өтуіне байланысты көптеген сұрақтар туындап жатыр. Алдында жүргізілген сандық зерттеуде мектеп педагогтары мен мектеп жанындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу алынған сауалнама бойынша бағалау барысында әр

маман ерекше білім алу қажеттілігі бар баламен жұмыс жасауда түрліше әдістерді қолданатындағы анықталды. Ал психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеті сәйкесінше түрлі бағалау құралдарын қоланатындығы және мектепшілік бағалау барысында ПМПК қорытындысына сүйенетіндігі анықталды. Берілген зерттеудегі сауалнама қазақ тілінде жүргізілді және 12 сұрақтан құралды. Зерттеуге қатысқандардың жалпы саны 67 респондент. Бұл жерде ашық және жабық түрдегі сұрақтар аралас қолданғанымен, жабық түрдегі сұрақтарда өз ойын немесе басқа ұстанымды білдіру үшін қосымша жауап ұяшықтары қолданылған болатын [1, 125 б.]. Сонымен қатар Stanczak, A және басқаларының [2] зерттеулерінде оқу үлгерімінің төмен болуының негізгі себебі ретінде психофизикалық бұзылыстардың болуы мүмкіндігі және бұл жағдайда ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау қажеттілігі атап өтілді. Сол себепті біз ЕБҚ бағалау бойынша ата-аналардан интервью алуды жөн көрдік. Интервью мақсаты ЕБҚ балаларды бағалауда ата-аналардың қаншалықты хабардар екендігін және олардың бағалау нәтижелерін білуінің білім беру жүйесіне әсерін анықтау, ЕБҚ балаларды оқыту туралы пікірлерін білу. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін біз сауалнама сұрақтарын құрастыруды жөн көрдік.

**Зерттеу мақсаты:** Қазақстандағы ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы бағалау ерекшеліктерін анықтау және ЕБҚ балаларды бағалауда ата-аналардың қаншалықты хабардар екендігін және олардың бағалау нәтижелерін білуінің білім беру жүйесіне әсерін нақтылау, ЕБҚ балаларды оқыту туралы пікірлерін білу.

**Зерттеу міндеттері.** Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында біз шет елдік зерттеулер мен олар тап болған қиындықтарға анализ жасап, сауалнама сұрақтарын құрастыруды жөн көрдік:

1. Қазақстандағы ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы бағалау ерекшеліктерін анықтау.
2. Ата-аналардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау ұғымын түсіну деңгейін анықтау.
3. Ата-аналардың ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы оқытуға деген көзқарасын анықтау.
4. Ата-аналардың бағалау барысында алғысы келетін ақпарат түрін анықтау.

Осы жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін біз блоктарға бөлінген сұрақтар санатын даярладық. Ол блоктар мамандарға арналған блок және ата-аналарға арналған блоктан құралады.

**Әдебиеттерге шолу бөлімі.** ҚР Ұлттық статистика агенттігінің мәліметіне жүгінсек ерекше білім алу қажеттілігі бар балалар саны жылдан-жылға артуда. Мәселен 2010 жылы олардың жалпы саны 149 043 болса, 2022 жылғы көрсеткіш бойынша саны 39 101 балаға артып, 188 144 жеткен [3]. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыдағы ата-аналар үлкен стресске түседі. Сол себепті Lisa Ott [4, 15 б.] пікірінше отбасының мүмкіндіктерін арттыру мақсатында ЕБҚ бағалау нәтижесіне қарай қолдау көрсету мүмкіндіктерін анықтау олардың білім беру жүйесіне сәтті кіріктірілуіне өз септігін тигізеді. Айта кетсек бұл ҚР үлкен мәселеге айналып отыр. Айта кететін жайт, ЕБҚ оқыту мен бағалауға қатысты мәселелер басқа мемлекеттерде де орын алуда. Оны көптеген зерттеу жұмыстарының нәтижесінен байқауымызға болады.

Stanczak, A және басқаларының [2] пікірінше ЕБҚ бар оқушыларға олардың мектептегі үлгеріміне қатысты қиындықтарға байланысты жағымсыз стереотиптер қалыптасқандықтан, егер олар қарапайым оқушылармен оқу үлгерімі бірдей деңгейде болса, оларға деген теріс реакция болатындығын зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғанын алға тартады.

Нүктісек және басқалары [5, 7 б.] жүргізген зерттеу қызықты фактіні тапты. Олар ЕБҚ бар оқушылар мен қалыпты жағдайда білім алатын оқушылар арасында ешқандай айырмашылық таппады. Нәтижесінде сабақта эмоционалды қосылуға әсер ететін факторларды дұрыс қолдану, эмоцияны басқаруға үйрету әлеуметтік қатынастар мен байланыстардағы сәттіліктің маңызды факторы болып табылады.

Nervie, V.M [6, 15 б.] зерттеу нәтижесі интеллектуалды кемістігі бар балалардың ақыл-ой кемістігіне байланысты ата-аналардың оларға деген немқұрайлылығы, қаржылық қиындықтар, таңбалау және стигматизацияға қатысты түсініктерінің қоғам тарапынан қиындықтарға әкеп соққанын көрсетті. Taberner, J. E және басқалары [7, 8 б.] ЕБҚ дұрыс диагноз қойылған әрбір оқушы үшін тағы бір қате диагноз қойылған бір оқушы сай келетіндігін анықтап, олардың оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға кедергі келтіретіндігін анықтады.

Бұл жоғарыда көрсетілген зерттеулер бойынша осындай қиындықтар ҚР болып жатыр. Сол себепті де біз инклюзивті білім беру бойынша туындаған ЕБҚ балаларды бағалау бойынша ата-аналар мен мамандардың пікірін зерделеу мақсатында интервью алуды жөн көрдік.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Интервью сұрақтары. Экспериментальды база ретінде ҚР бағалауға тікелей қатысатын 9 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес ұйымының мамандары қатысты. ПМПК жұмыс жасайтын респонденттердің 10 логопед, 3 ПМПК меңгерушісі, 7 педагог психолог, 17 арнайы педагог, 2 психоневролог, 7 маман жауап берді. Сауалнама 2022 жылы жүргізілді. Ата-аналарға арналған интервью Алматы облысы Іргелі ауылында орналасқан Кемертоған орта мектебінде жүргізілді. Интервьюге 20 ата-ана қатысты. Интервью мамандарға және ата-аналарға арналған блоктан құралады.

**Зерттеу нәтижелері.** ПМПК мамандарына арналған блокқа тоқтала кетсек. ПМПК бағалауға әдетте педагог-психолог, логопед, арнайы педгог пен дәрігер невропатолог қатысады. Кейде бала жағдайына орай басқа да мамандар қатысуы мүмкін, мысалы дәрігер окулистпен лор дәрігері және т.б.

ПМПК мамандарынан бағалауға көп жүгінетін балалар контингентін сұрағанда адам 72,5 % (36 респондент) мектепке дейінгі жастағы балалар деп жауап берді. Ал 17,6 % (9 респондент) бастауыш мектепте білім алатын балалар деп жауап берсе, қалған 11,7 % (6 респондент) орта буында білім алатын білім алушылар деп жауап берді. Ол ҚР қолдауды қажет ететін балаларды ерте анықтап, оларға уақытында көмек көрсету жүйесінің жүйелі түрде ұйымдастырылған көрсетеді. ЕБҚ бағалау мектептерде аз пайыздық көрсеткіш көрсету себебі психофизикалық бұзылыстары бар балалар ерте кездегі скрининг нәтижесінде анықталып, мектепке дейінгі кезеңде түзету жұмыстары жүргізіле бастайды.



1 сурет – Бағалауға қатысатын балалар контингенті

ПМПК мамандары бағалау барысында және оқыту бағдарламаларына түрін анықтауда баланың когнитивті дамуы мен сөйлеу тілінің даму деңгейіне аса назар аударатыны анықталды. Одан кейінгі кезекте ірі және ұсақ моторика қалпы, адаптивті мінез-құлық, мен оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті меңгеру деңгейі бағаланады.



2 сурет – Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестегі бағалау аймақтары

Қазақстанда балалар ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін орташа есеппен алғанда бағалау сеансынан бір-екі рет ғана өтетіндігін атап өтті. Ол бағалау процесінің толыққанды жүргізілетіндігін және ЕБҚ балаларға тиімді оқыту бағдарламаларын ұсына алатындықтан қайтадан бағалау қажеттілігінің туындамайтындығын білдіреді.

ПМПК мамандары «Бағалау кезінде қандай қиындықтарға тап боласыз? дегенге келесідегідей жауап берді: ата-аналардың диагностика нәтижелерімен келіспеуі, ЕБҚ балалармен қарым-қатынасқа түсе алмауы, ЕБҚ баланың қарым-қатынасқа түсе алмауы, бағалауға бөлінген уақыттың жеткіліксіздігі, бағалау процесінде дұрыс емес, уақыты өтіп кеткен диагностикалық тапсырмалады қолдану, бала мінез-құлқындағы мәселелер.

1 кесте – Респонденттер жауабы

Респонденттер жауабы	Респонденттер саны	Пайыздық көрсеткіш
Баламен коммуникацияға түсу қиындығы	19	37,4 %
Ата-аналардың бағалау нәтижесімен келіспеуі	6	12 %
Ата-аналардың байланысқа түспеуі	3	5,8 %
Интеллекті мен оқушылардың психикалық процестерінің даму деңгейін анықтау қиындығы	1	1,9 %
Баланың қалпы мен мен көңіл-күйінің нашарлығы	5	9,8 %
Уақыт тапшылығы	3	5,8 %
Сұраққа жауап бермеді	3	5,8 %
Қиындық жоқ	10	19,6 %
Коммуникациялық бұзылысы бар балаларға диагностика жүргізуде олардың нақты даму қалпын анықтауда қателіктер жіберу	1	1,9 %

Нәтиже бағалау процессінде мамандар көбінесе баламен коммуникацияға түсуде қиналатындығын көрсетеді. Ол көбінесе ПМПК бағалауға мектепшілік командалық бағалау нәтижесіне орай оқу үлгерімі жақсармаған немесе арнайы білім беру бағдарламасын талап ететін психофизикалық бұзылысы бар балалар болғандықтан және оларда жаңа орында адаптациялану процесі қиын жүретіндіктен қарым-қатынасқа түсе алмау мәселесі орын алуы мүмкін.

ПМПК жолдамасы инклюзивті ортада білім беретін пән мұғалімдері мен арнайы мамандарға оқу процессін тиімді ұйымдастыру үшін қандай ақпарат беруі тиіс? деген сұраққа респонденттердің көпшілігі оқыту бағдарламаларың түрі мен арнайы жағдайлар формасын анықтау деп жауап берді.

2 кесте – Респонденттер жауабы

Респонденттер жауабы	Респонденттер саны	Пайыздық көрсеткіш
Ұсыныстар	6	11,8 %
Жауап берген жоқ	2	3,9 %
ЕБҚ бала туралы жалпы ақпарат	6	11,8 %
Оқыту бағдарламаларының түрі мен арнайы жағдайлар формасын анықтау	15	29,4 %
Бағалау аймақтары мен нәтижесі жөнінде ақпарат	14	27,4 %
Мектептерге, ата-аналарға арналған консультативтік қызмет	8	15,7 %

Респонденттер жауабы түрліше болғанымен олардың барлығы белгілі бір бекітілген үлгі бойынша жолдама толтырады. Ол жолдамада қысқаша түрде оқыту формасы, ЕБҚ балаға қажетті арнайы жағдайлар көрсетіледі. Ол ПМПК мамандарының жауабынан көріп отырғандай жеткіліксіз ақпарат болып келеді. Верозуб А.С [8, 55 б.] пікірінше көптеген даму бұзылыстары бар балалар сөйлеу, интеллектуалды, эмоционалды, моторлы, сенсорлық жағынан әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан мұндай балаларды келесі блоктар бойынша бағалау керек деп есептейді: эмоционалды реакцияны зерттеу, көру арқылы қабылдау, есту арқылы қабылдауы, тактильді сезімталдық, кеңістікте бағдарлана алуы, қимыл-қозғалыстың дамуы (ұсақ және ірі моторика), танымдық даму, сондай-ақ қызметтің жалпы сипаттамасы (мотивация, нұсқаулықты түсіну, қызмет сипаты, қарқыны мен динамикасы, жұмыс қабілеттілігі, оқуы). Сондықтан баланы барлық сфера бойынша бағалап, жолдамаға бағалау аймақтары мен бала жөнінде жалпы ақпараттың қосылуы мектепте жұмыс жасайтын педагогтерге білім беру бағдарламасын оңтайландыруға қосымша ақпарат беруіне орай ЕБҚ балаларға арналған білім беру процессін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндігі сауалнамадан белгілі болды. Енді оның оқу процессіне әсерін тексеру ары қарай зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Зерттеу нәтижесі ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыға оқыту формасын таңдауда ПМПК мамандары интеллектінің даму деңгейіне 70 % аса мамандар назар аударады екен.

3 кесте – Респонденттер жауабы

Респонденттер жауабы	Респонденттер саны	Пайыздық көрсеткіш
Интеллектісінің даму деңгейі	38	74,5 %
Педагогтер мінездемесіне	2	3,9 %
Дәрігерлер қорытындысына	6	11,8 %
Балалар анамнезі, ата-аналардың пікірі	5	9,8 %

Сауалнама нәтижесі ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауда басқа мамандар кеңесі 82 % жағдайда қолданылатындығы анықталды, бұл ірі ПМПК невролог дәрігерлер, лор мен окулист дәрігерлердің болуымен түсіндіріледі.

Интервьюға қатысқан мамандар жауабымен толықтыра кетсек, ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауда, кеңес беруде қолданылатын әдістемелер жас ерекшелігіне сай қолданылады. Бір ерекшелік ПМПК мамандарына бекітілген үлгі бойынша қолданылатын бір текті тапсырмалар үлгісі мен стандартталған тестілерді қолданбайды, ол жерде әр маман бала ерекшелігіне сай әдіс тәсілдерді қолдануға тырысады. Дегенмен мектепке дейінгі жастағы балаларда көбінесе Сеген тақташасы, Косс кубиктері, Равен матрицалары, Пьеро Рузен әдістемесі мен Глен-Доменн әдістемесі қолданылатындығы анықталып отыр. Ал мектеп жасындағы балаларды оқытуда мамандар әдістерді өздері таңдайды.

Ал ендігі кезекте ПМПК қызметін жақсарту үшін мамандардың жартысынан астамы біліктілікті арттыру курстары ұйымдастыру керектігін алға тартты. Сонымен қатар материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілу деңгейі, қаржыландыруды арттыру, бағалауға қатысатын мамандар санын арттыру жолы да алға тартылып отыр.

4 кесте – ЕБҚ бағалау ерекшеліктерін талдау

Бағалау критерийлері	Артықшылықтар	Кемшіліктері
Дифференциалды диагностика барысында тапсырмалар мен қолданылатын әдістер жиынын мамандар өзі таңдайды	Бағалауға бір маман емес, бірнеше маман қатысады, ол бағалау процесінің объективтілігіне әсер етеді	Бағалау процесінде дұрыс емес ескірген диагностикалық тапсырмалады қолдану, бала мінез-құлқындағы мәселелер Қаржыландыру мәселесі Материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілмеуі Тексеру нәтижесі бағалау кезінде қолданылған әдістер мен бағалау аймақтары туралы ақпарат бермейді

ҚР ЕБҚ бағалау жүйесіне анализ жасау барысында кемшіліктер анықталғанымен, белгілі бір дәрежеде бағалау процессіне басты назар аударылатындығын бағалау түрлері мен кезеңдерінің түрлі болуынан байқауға болады. Кездескен кемшіліктер Қазақстан Республикасының экономикалық әлеуеті мен инклюзивті қоғам мен сананы жаңадан қалыптастыру процесіне байланысты туындап отыр. Сонымен қатар ата-ана ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы бағалау процесінің белсенді мүшесі ретінде қатыспайтындығы анықтады. Екінші блок бойынша ата-аналарға арналған блок бойынша интервью нәтижелеріне тоқтала кетсек. ЕБҚ ҚР заңнамасына сәйкес [9] түрлі категориядағы балалар кіреді. Біз бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балалар категориясын қарастырдық. Интервьюге 20 ата-ана қатысты. Олардың барлығы ПМПК жолдамасын алған және бейімделген немесе арнайы бағдарлама арқылы оқитын жалпы білім беретін мектеп оқушыларының ата-аналары. Интервью Іргелі ауылында орналасқан Кемертоған орта мектебінде алынды.

Интервью сұрақтары ЕБҚ бағалау бойынша ата-аналар түсінігі мен инклюзивті білім беру бойынша олардың ой пікірлері, баласы туралы қандай ақпарат алғысы келетіндігі, бағалау мен оқыту арасындағы байланыста олардың ұсыныстары талқыланды.

ЕБҚ бағалау дегенді сіз қалай түсінесіз? деген сұраққа жартысы қосымша логопед немесе арнайы педагогқа бару үшін керек деп жауап берді. Ата-аналардың үштен бір бөлігі оқу бағдарламасын таңдау үшін керек деп есептейді. Олардың 15% мектепте білім алу үшін балаға қажетті мамандар мен білім беру бағдарламасын ұсынатын жолдама екендігін атап өтті. Бұлай жауап берген балалардың ата-аналары балабақшадан ПМПК бірнеше рет бағалаудан өтіп, түзету кабинеттері мен арнайы мамандар көмегіне жүгінген. Ал ата-аналарың 10 % бағалау туралы хабардар еместігін және мектеп оларды арнайы мекеме ПМПК қағаз алып келуге жолдағанын айтты (сурет 3).



3 сурет – ЕБҚ бағалау жайындағы ата-аналар түсінігі

Нәтижесінде көптеген ата-аналар ЕБҚ бағалаумен таныс екендігін және бағалау баланың мүмкіндігіне сай білім алуға жағдай жасайтынынан хабардар екендігі анықталды. Бұл ата-аналардың көпшілігінде балаларға қолдау керектігі ерте анықталғандығы белгілі болды. Ал ЕБҚ бағалау ұғымымен таныс емес ата-аналарда бұзылыс түрі мектеп кезінде анықталған және оларға бұрын-соңды бағалау жүргізілмеген жағдайда болды.

Сізге балаңыз жайлы қандай ақпарат алған маңызды? Ата-аналар әр ПМПК өзінше бағалайтындығына және бағалау құралдарының түрлілігінің түрліше болуына орай, нәтижесі де әр түрлі болатындығын алға тартты. Сонымен қатар оларға берілген жолдамада бағалау кезінде қолданылған әдістердің жоқтығы түрлі себептерге байланысты (мәселен, басқа қалаға көшу) басқа ПМПК мамандарының да сол әдістерді қолданып бағалау арқылы баланың даму динамикасын көре алмайтындығы үлкен мәселе екендігін алға тартты. ПМПК бірнеше мамандардың бағалауға қатысуына орай, бағалау аймақтары туралы көрсеткен нәтиженің жолдамада жазылуы ата-аналарға және мектептегі педагогтарға оқу тапсырмаларын іріктеп алуға көмек беретін еді деп есептейді. Дегенмен мұндай пікірді ата-аналардың аз ғана бөлігі білдірді. Ал ата-аналардың басым көпшілігі ПМПК тек қана арнайы мамандар көмегін алу үшін мектепке апарып беретін жолдама беретін формальды мекеме ретінде қабылдайды (4-ші сурет). Бұл ата-аналардың басым көпшілігінде бағалау нәтижесі жайында ақпараттың ЕБҚ оқытуды жоспарлау арасындағы арақатынасы жөніндегі ақпараттың аздығын көрсетеді.

Ата-аналар балалардың сапалы білім алуы үшін бала туралы ақпарат көбірек берілсе, соғұрлым жақсы деп есептейді. Ата-аналардың тең жартысында ЕБҚ оқыту жайында ақпарат жеткілісіз болғандығына орай бағалау, ЕБҚ оқыту жөнінде көбірек ақпарат алғысы келетіндігін алға тартты.

Инклюзивті білім беру жүйесіндегі өз тәжірибеңіз туралы не айта аласыз? Ата-аналардың барлығы инклюзивті білім беру жүйесін құптап отыр. Мүмкіндігі шектеулі балаларының жалпы мекемеде оқуы олардың әлеуметтенуіне және дамуына әсер ететініне ата-аналар сенімділік білдіруде. Дегенмен мұнда туындап жатқан кейбір мәселелер оларда алаңдатушылық сезімін туындатады. Олар құрбы-құрдастарының ЕБҚ баланы қабылдауы, мектептерде мамандардың жетіспеушілігі деп есептейді. Мәселен, мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинетінде 2 арнайы педагог, 1 логопед және 2 педагог-психолог жұмыс жасайды. 5 мыңдай оқушысы бар мектепте бұл мамандар бәрін қамтып үлгере алмайды. Себебі мектепшілік бағалау барысында көптеген арнайы маман көмегін талап ететін балалар анықталып жатады. Сонымен қатар, егер балада қандай да психофизикалық кемістік болатын болса, басқа ата-аналар өз балаларына ондай баламен араласпа, ойнама деп кеңес беріп жатқандығын өз құлағымен естігенін айтып өтті.



4 сурет – Ата-аналардың бағалау барысында алғысы келетін ақпарат

ПМПК ұсынған балаңызға белгіленген оқу бағдарламасының мазмұны мен ЕБҚ бойынша оқыту туралы сіз не ойлайсыз? Мектептегі педагогтар ПМПК ұсынған оқу бағдарламасы баланың мүмкіндігіне сай білім беру үшін жеңілдетілген тапсырмаларды құрайтындығын ата-аналарға түсіндірген. Дегенмен ата-аналар баласының дамуына, жаңа нәрсені үйренуге қызығушылық танытуына орай, бала динамикасын қарау үшін қойылатын мақсаттарды біліп, жүргізіліп жатқан жұмыстар көлемімен толық хабардар болғысы келетіндігін алға тартты. Әрине, олар педагогпен үнемі қарым-қатынаста болуға тырысады, педагогтардан ақпарат алады, алайда олар жеке оқу бағдарламасын жасауда олардың пікірлерін есепке алғанын қалайды. 20 ата-ананың 8-і осылай деп жауап берді. Шет мемлекеттердің ЕБҚ білім беру бойынша арнайы ресми білім беру сайттарын [10] қарастыратын болсақ, онда бала туралы жалпы ақпарат, бағалау туралы ақпарат, білім беру бағдарламасының жалпы мазмұны, оларда қойылған мақсаттар, оқытудағы әдістер бәрі айқын көрсетіледі. Бала басқа білім беру мекемесіне ауысқан күннің өзінде педгогтарға бала үйренген дағдыларға сүйене отырып, жұмысын ары қарай жоспалауға мүмкіндік береді. Бұл тәжірибені ҚР енгізу ЕБҚ баланы оқыту сапасын көтеретіндігіне көміл сенеміз. Қалған 12 ата-ана беріліп жатқан оқу бағдарламасының мазмұнына көңілі толатындығын айтты (5 сурет) .

### АТА-АНАЛАР КӨЗҚАРАСЫ




5 сурет – Ата-аналардың ЕБҚ баланы оқытуға деген көзқарасы

Ата-ана ретінде сізге қандай көмек түрлері ұсынылғандығын қалайсыз?

Ата-аналар жауабы:

- мектепте арнайы маман санының арттырылуы (баланы мектептен соң басқа жерге тасу қиындық тудырады, егер бала бір жерде өзіне тиесілі көмек түрлерін алатын болса жақсы болар еді);
- балаға бөлінетін әлеуметтік көмек түрлерін мектепте шешу;
- бағалау бойынша толық ақпараттың қағаз жүзінде берілуі;
- жеке оқу бағдарламасын педагогтар жасақтауда ата-ана пікірін ескеру;
- балалар мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдау үшін мектепте психолог тарапынан ойын түрінде тренингтер жүргізілу (6 сурет).



6 сурет – Көмек түрлері

Интервью барысында ата-аналар белсенділік танытты және олардың инклюзивті білім беру жүйесінің дамуына қызығушылық білдіретіндігін алға тартты. Олардың ұсыныстарын білім беру жүйесіне ендірсек, ЕБҚ баланы оқыту көтеруге болатындығына сенім білдірді.

**Талқылау.** Мамандармен жүргізілген интервью нәтижесі дұрыс бағалау жүйесі болғанымен, басты фактор бағалау барысында қолданылатын тапсырмалар мазмұны шешуші рөл атқаратындығы анықталды. Себебі бағалау барысында алынған мәліметтер білім сапасын арттыру факторларын анықтауға көмектеседі. Оқу дағдысы мен сөйлеу тілін дамыту бойынша бағалау құралдарын қолдану арасындағы корреляция нәтижесі педагогтерге оқу дағдысының көтерілуін болжауға мүмкіндік беретіндігі де Baker, S. және басқалары [11, 210 б.] анықтады. Сәйкесінше бұл педагогтерге ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс жүргізгенде коррекциялық компонент ретінде сөйлеу тілін дамытуға назар аудару немесе логопед маманымен жұмыс жүргізуді инклюзивті ортада қосу жақсы нәтиже беруі мүмкін, сондықтан бұл тақырып аясында қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілуі керек. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ата-аналардың белгілі бір бөлігі оқыту процесінің белсенді мүшесі болғысы келеді. Dan және басқалары [12] жүргізген зерттеу нәтижесі ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынастың негізгі элементтерін анықтады, мысалы, қарым-қатынас әдістері, белсенді қатысу бағдарламалары, қолдау қызметтері және құрдастарды қабылдау арасындағы байланыс. Зерттеу барысында отбасылар көбінесе баласының жағдайына және денсаулығына байланысты мәселелерді жақсы түсініп, олардың құқықтарын мойындауды жақтайтынын атап өту маңызды деп санаймыз. Алайда, күнделікті білім берудің белсенді қатысушысы бола отырып, педагог баланың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушылық қызметті жақсы ұйымдастыра алады және кешенді оңалтуды жоспарлай алады. Қорытындылай келе, ата-аналар мен педагогтардың топтық жұмысы білім беру мен денсаулықтың сәтті нәтижелеріне, сондай-ақ когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік даму саласындағы қолайлы әлеуметтік имиджге әкелуі мүмкін деп айтуымызға болады.

ЕБҚ оқыту сапасын көтеру мақсатында ата-аналардан басқа, баланың жеке оқыту бағдарламасын құрастыруда бастауыш сынып педагогтері қатысуы керек. Словенияда жүргізілген зерттеу ЖОБ құрастыруда бастауыш сынып педагогтарының тек жартысы қатысатындығы анықталды. Ал Қазақстанда ЖОБ тек педагогтар тарапынан құрастырылып, ата-аналардың пікірі ескерілмейді [13].

Timothy, S және басқалары [14] Австралиядағы зерттеулер ЖОБ процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері және мүгедектігі бар ата-аналар мен оқушылардың пікірлерін, сондай-ақ олардың мектептердегі қолдаудың мәдени ерекшеліктерін ескеретін артықшылықтарын нақты түсінуді жалғастыруы керек деп болжайды.

Sedibe және басқалары [15] ата-ана мен мектеп серіктестігінің мүмкіндіктері мен мәселелерін зерттеді. Анықталған проблемалар отбасының эмоционалды тұрақтылығымен, әлеуметтік-экономикалық шектеулермен байланыста болды. Ата-аналар балаларын мектепке беру кезінде олар эмоционалды қолдау үшін мектеп басшылығына жүгінеді. Алайда, ата-аналар мұғалімдердің отбасылық жағдайлар туралы хабардар болмауынан, отбасылар арасындағы өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігіне және мектептің ата-аналармен қарым-қатынасының шектеулі болуына байланысты мектептен алшақтап кетті. Бұл проблемалар ата-аналардың қате түсініктеріне және кейіннен көптеген отбасылардың мектептен шеттетілуіне әкеліп соқтырды, бұл олардың балаларының оқу мәселелерін одан әрі ушықтыратындығын анықтады.

Жалпы алғанда ата-ана, ЕБҚ бала мен педагог арасындағы байланыс негізінде оқыту сапасын көтеруге болады деген тұжырымды басқа зерттеу жұмыстарын қастыра отырып жасауға болады.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесі ата-аналардың көпшілігі инклюзивті білім беруде ЕБҚ балаларды бағалау мен оқыту бойынша хабары аз екендігі анықталды. Дегенмен, ата-аналардың 25% белсенді позицияны ұстанып, бағалау нәтижелері туралы толық ақпарат алып, оқу процесіне қатысушы келетіндігі анықталды. Сауалнама нәтижесі мен шет елдік зерттеулерге сүйене отырып, келесі ұсыныстарды ұсынғымыз келіп отыр:

- ЕБҚ бағалау бойынша ақпарат толық берілуі керек (онда бағалау аймақтары, бағалауда қоланылған әдіс-тәсілдер, баланың ерекшеліктері және т.б.). Ол педагогтерге оқу жоспарын нәтижелі жоспарлауға және ата-аналарға баланың динамикасы жайында толық ақпарат беретін болады.

- ЕБҚ бағалау нәтижесі негізінде жеке оқу бағдарламасын құрастыруда педагогтың ата-анамен тығыз байланыста болып, ата-ана пікірін ескере отырып құрастыру.

- ЕБҚ оқыту бойынша барлық ақпаратты бір жерден алуға болатындай электронды жүйе жасау.

Қорытындылай келе, ЕБҚ бағалау бойынша толық ақпараттың болуы ата-анаға да, педагогке де бала туралы толық мәлімет алып, оқу жоспарын құрастыруда көмектеседі. Ал ол өз кезегінде ЕБҚ балалардың оқу сапасын көтеруге әсер етеді деген сенімдеміз.



## ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Шотыбаева, Л.А., Абаева, Ғ.А. Жалпы білім беретін мекемелерде психологиялық педагогикалық сүйемелдеу кабинет қызметінің әлеуметтік білім беру моделіне сай тиімділігін көтеру шарттары // Психология ғылыми журналы 70 том. -2022. -119-130 б. doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.19 [Электронды ресурсы]. -https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/526/498 (жүгінген күні: 01.09.2024).
- 2 Stanczak A., Aelenei C., Pironom J., Toczec-Capelle M., Rohmer O., & Jury M. Can students with special educational needs overcome the “success” expectations? // *Social Psychology of Education*.-2023. doi:10.1007/s11218-023-09806-x. [Электронды ресурсы].- https://uca.hal.science/hal-04123350/document (жүгінген күні: 15.09.2024).
- 3 ҚР Ұлттық статистика агенттігі [Электронды ресурсы].- https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/dynamic-tables (жүгінген күні:10.10.2024 ).
- 4 L. Ott. **Families with Special Needs Children and Stress: Research Review** [Text] / L. Ott. // *BU Journal of Graduate Studies in Education*. -2015. -№7. -P.11-19.
- 5 Nyklíček I., Vingerhoets A., Zeelenberg M. **Emotion Regulation and Well-Being: A View from Different Angles**. In *Emotion Regulation and Well-Being* [Text] / I. Nyklíček, A. Vingerhoets, M. Zeelenberg // Springer: New York, NY, USA. -2011. -P. 1–9. ISBN 978-1-4419-6952 -P.1-9.
- 6 Hervie V. M. **Social inclusion of children with intellectual disabilities in accra, ghana: Views of parents/guardians and teachers** [Text] / V.M. Hervie // *Children and Youth Services Review*.-2023. -№147.doi:10.1016/j.chilyouth.2023.106845.
- 7 Taberner J. E. **There are too many kids with special educational needs** [Text] / J. E. Taberner // *Frontiers in Education*. -2023. -№8.doi:10.3389/educ.2023.1125091.
- 8 Верозуб, А. С. **Инновационный подход к разработке технологии обследования детей с тяжелыми множественными нарушениями развития** [Текст] / А.С. Верозуб // *Специальное образование*. – 2022. – №. 1 (65). – 54-62 б.
- 9 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. [Электронды ресурсы].-https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618 (жүгінген күні:10.10.2024).
- 10 АҚШ ресми білім беру сайты. [Электронды ресурсы].- https://hr.nih.gov/about/faq/working-nih/competencies/what-individual-development-plan-idp-and-how-does-it-relate (жүгінген күні:10.10.2024).
- 11 Baker S. K., Gersten R., Haager D., & Dingle M. «Teaching practice and the reading growth of first-grade english learners: Validation of an observation instrument». [Text] / S.K. Baker, R. Gersten, D. Haager & M. Dingle // *Elementary School Journal*, 2006, 107(2). –P.199-219. doi:10.1086/510655.
- 12 Dan B. A., Kovács K. E., Bacskai K., Ceglédi T., & Pusztai G. **Family–SEN school collaboration and its importance in guiding educational and health-related policies and practices in the hungarian minority community in romania** // *International Journal of Environmental Research and Public Health*. -2023. -№20(3). doi:10.3390/ijerph20032054 [Электронды ресурсы]. -https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85147962012&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=94851f76e4b3ace8d5bc1cfd1e36f5b&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28SEN+individual+development+plan%29&sl=46&sessionSearchId=94851f76e4b3ace8d5bc1cfd1e36f5b (жүгінген күні: 12.10.2024).
- 13 Ograjšek S., Kurnik T., & Mithans M. **Use of the individual educational plan by teachers in slovenian primary schools** // *Hrvatska Revija Za Rehabilitacijska Istrazivanja*. -2022. -№58(2). -P 92-106. doi:10.31299/hrri.58.2.6 [Электронды ресурсы]. -https://www.scopus.com/citation/output.uri?origin=recordpage&view=&src=s&eid=2-s2.0-85144468812&outputType=quikbib (жүгінген күні: 12.10.2024).
- 14 Timothy, S., & Agbenyega, J. S. **Insider perspectives on catalysing the development and use of individualised education plans** // *International Journal of Inclusive Education*. -2022. -№26(2). P.160-174. doi:10.1080/13603116.2019.1642401 [Электронды ресурсы].-https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85069042839&origin=reflist&sort=plf-f&src=s&sid=94851f76e4b3ace8d5bc1cfd1e36f5b&sot=b&sdt=b&sl=46&s=TITLE-ABS-KEY%28SEN+individual+development+plan%29 (жүгінген күні: 12.10.2024).
- 15 Sedibe M., & Fourie J. **Exploring opportunities and challenges in Parent–School partnerships in special needs schools in the gauteng province, south africa** // *Interchange*.-2018. -№ 49(4). P.433-444. doi:10.1007/s10780-018-9334-5 [Электронды ресурсы]. -http://www.quikbib.com/?vendor=SCOPUS&filter=Refworks+Tagged+Format&url=http%3a%2f%2fwww.scopus.com%2frefworks%2fcallback.uri%3fexportType%3dQUIKBIB%26stateKey%3dREF\_1659503135%26origin%3drecordpage&format=0&style=APA+6th+-+American+Psychological+Association%2c+6th+Edition&authID=ZTT8ABw3dJteHm04zsVUdUm0%3d (жүгінген күні: 15.10.2024).

## REFERENCES:

1. Shotybaeva L.A., Abaeva G.A. **Zhalpy bilim беретin mekemelerde psihologiyalyk-pedagogikalyk sujemeldeu kabinet kyzmetinin aleumettik bilim беру modeline saj tiimdiligin koteru sharttary** [Conditions for increasing the effectiveness of psychological and pedagogical support services in general education institutions in accordance with the social education model]. *Psihologiya gylymi zhurnaly*, 2022, vol. 70, pp. 119-130. doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.19. Available at: https://bulletin-psychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/526/498 (accessed 01 September 2024). (In Kazakh)
2. Stanczak, A., Aelenei, C., Pironom, J., Toczec-Capelle, M., Rohmer, O., Jury, M. **Can students with special educational needs overcome the "success" expectations?** *Social Psychology of Education*, 2023, DOI:10.1007/s11218-023-09806-x (accessed 15 September 2024)
3. **KR Ultytyk statistika agenttigi** [National Statistics Agency of the Republic of Kazakhstan]. Available at: https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/dynamic-tables (accessed 10.2024). (In Kazakh)
4. **Lisa Ott. Families with Special Needs Children and Stress: Research Review**. *BU Journal of Graduate Studies in Education*, 2015, no.7, pp.11-19.

5. Nyklícek I., Vingerhoets A., Zeelenberg M. **Emotion Regulation and Well-Being: A View from Different Angles. In Emotion Regulation and Well-Being.** Springer, New York, NY, USA, 2011, pp. 1-9. ISBN 978-1-4419-6952-P.1-9.
6. **Hervie V.M. Social inclusion of children with intellectual disabilities in accra, ghana: Views of parents/guardians and teachers.** *Children and Youth Services Review*, 2023, no. 147. DOI:10.1016/j.chilyouth.2023.106845.
7. **Taberner J.E. There are too many kids with special educational needs.** *Frontiers in Education*, 2023, no. 8, DOI:10.3389/educ.2023.1125091.
8. **Verozub A.S. Innovacionnyj podhod k razrabotke tehnologii obsledovaniya detej s tyazhely'mi mnozhestvenny'mi narusheniyami razvitiya** [An innovative approach to developing a technology for examining children with severe multiple developmental disabilities]. *Special'noe obrazovanie*, 2022, no. 1 (65), pp. 54-62. (In Russian)
9. **Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2022 zhylygy 12 kantardagy № 4 bujrygy** [Order No. 4 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated January 12, 2022]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (accessed 10 October 2024). (In Kazakh)
10. **AKSh resmi bilim beru sajty** [Official US education website]. Available at: <https://hr.nih.gov/about/faq/working-nih/competencies/what-individual-development-plan-idp-and-how-does-it-relate> (accessed 10 October 2024). (In Kazakh)
11. **Baker S.K., Gersten R., Haager D., Dingle M. Teaching practice and the reading growth of first-grade english learners: Validation of an observation instrument.** *Elementary School Journal*, 2006, 107(2), pp.199-219. DOI:10.1086/510655.
12. **Dan, B. A., Kovács, K. E., Bacskai, K., Ceglédi, T., & Pusztai, G. Family–SEN school collaboration and its importance in guiding educational and health-related policies and practices in the hungarian minority community in romania.** *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 2023, no.20(3). DOI:10.3390/ijerph20032054. Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85147962012&origin=resultslst&sort=plf-f&src=s&sid=94851f76e4b3ace8d5bc1cfbd1e36f5b&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28SEN+individual+development+plan%29&sl=46&sessionSearchId=94851f76e4b3ace8d5bc1cfbd1e36f5b> (accessed 12 October 2024)
13. **Ograjšek S., Kurnik T., Mithans M. Use of the individual educational plan by teachers in slovenian primary schools.** *Hrvatska Revija Za Rehabilitacijska Istrazivanja*, 2022, no.58(2), pp. 92-106. DOI:10.31299/hrri.58.2.6. Available at: <https://www.scopus.com/citation/output.uri?origin=recordpage&view=&src=s&eid=2-s2.0-85144468812&outputType=quikbib> (accessed 12 October 2024)
14. **Timothy S., Agbenyega, J.S. Insider perspectives on catalysing the development and use of individualised education plans.** *International Journal of Inclusive Education*, 2022, no.26(2), pp. 160-174. DOI:10.1080/13603116.2019.1642401. Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85069042839&origin=reflist&sort=plf-f&src=s&sid=94851f76e4b3ace8d5bc1cfbd1e36f5b&sot=b&sdt=b&sl=46&s=TITLE-ABS-KEY%28SEN+individual+development+plan%29> (accessed 12 October 2024)
15. **Sedibe M., Fourie J. Exploring opportunities and challenges in Parent–School partnerships in special needs schools in the gauteng province, south africa.** *Interchange*, 2018, no.49(4), pp. 433-444. DOI:10.1007/s10780-018-9334-5. Available at: [http://www.quikbib.com/?vendor=SCOPUS&filter=Refworks+Tagged+Format&url=http%3a%2f%2fwww.scopus.com%2frefworks%2fcallback.uri%3fexportType%3dQUIKBIB%26stateKey%3dREF\\_1659503135%26origin%3drecordpage&format=0&style=APA+6th+--+American+Psychological+Association%2c+6th+Edition&authID=ZTT8ABw3dgiJteHm04zsVUdUm0%3d](http://www.quikbib.com/?vendor=SCOPUS&filter=Refworks+Tagged+Format&url=http%3a%2f%2fwww.scopus.com%2frefworks%2fcallback.uri%3fexportType%3dQUIKBIB%26stateKey%3dREF_1659503135%26origin%3drecordpage&format=0&style=APA+6th+--+American+Psychological+Association%2c+6th+Edition&authID=ZTT8ABw3dgiJteHm04zsVUdUm0%3d) (accessed 15 October 2024)

#### Авторлар туралы мәліметтер:

*Шотыбаева Лаура Абылқасымқызы\** – педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Төле би к., 31, тел.: +7-747-872-26-92, e-mail: [laurasoty9@gmail.com](mailto:laurasoty9@gmail.com).

*Абаева Ғалия Әскербековна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Педагогика және психология институтының директоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Төле би к., 31, тел.: +7-701-596-21-21, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru).

*Шотыбаева Лаура Абылқасымовна\** – магистр педагогических наук, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Толе би, 31, тел.: +7-747-872-26-92, e-mail: [laurasoty9@gmail.com](mailto:laurasoty9@gmail.com).

*Абаева Галия Аскербековна* – кандидат педагогических наук, доцент, директор Института Педагогика и психология, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Толе би, 31, тел.: +7-701-596-21-21, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru).

*Shotybayeva Laura Abylkassymovna\** – Master of Pedagogical Sciences, PhD Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 50010, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: +7-747-872-26-92, e-mail: [laurasoty9@gmail.com](mailto:laurasoty9@gmail.com).

*Abayeva Galiya Askerbekovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Director of the Institute of Pedagogy and Psychology, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 50010, Almaty, 31 Tole bi Str., tel.: +7-701-596-21-21, e-mail: [abaeva70@bk.ru](mailto:abaeva70@bk.ru).